

# Аристотель



Аристотель сөзінің грекше мағынасы “Ұлы маұсат” дегенді білдіреді. Аты “Ұлы маұсат” дегенді білдіретін Аристотель Македонияға қарасты Халкида түбегінде Стагира қаласында б.з.д. 384 жылы туған. Старгира қаласының орыны бұл күндері Салоникиден 55 км қашықтықта жатыр. Оның әкесі Македония патшасы Аминтастың жеке дәрігері болған. Аристотель де өте жас кезінде монарх ордасында болыпты. Әкесі Никомах Аристотельдің жас кезінде қайтыс болды. Бірақ Аристотель аусүйектерге лайықты тәрбие және білім алды.

18 жасында Аристотель Афина қаласына барып, Платон Академиясына шамамен жиырма жыл бойы – б.з.д. 347 жылы Платон қайтыс болғанға дейін академиялық білім алды.

# Этика



«Никомах этикасының» грек және латын тілдеріндегі тұңғыш басылымы, 1566ж.

Аристотельдің көптеген шығармаларында этика талқыланғанымен, бұл саладағы ең сүбелі ойлар оның ұлы еңбегінің бірі «Никомах этикасы» кітабында пайымдалады. Аталған кітаптың аты Аристотельдің әкесі Никомахтың құрметіне осылай аталған.



Аристотель ізгі қасиеттің өлшемін бекітті. Ол алдымен адамның іс-әрекетті мақсатты болады деп есептеп, бұл мақсатты жақсылық деп атады. Ал, оның айтып отырған этиканың ең негізгі категориясы болған Ізгілігінің түп өлшемі — бақыт. (Грек тілінде eudaimonia деген сөзді тіке түрде "жақсы өмір сүру" деп аударуға да болады.) Аристотельдің ойынша, бақыт сөзсіз түрде шаттықпен тең болмайды, немесе жай ғана атақ-бедел арқылы келе салмайды. "Адамзаттың түрлі арнайы іс-қимылдарын саралаған соң" Аристотель бақыттың қайнарын байқадым деп есептейді. Ал адам көңіліне талдау жасап үш бөлікті жіктейді: "Азықтану көңілі" (астық, жер, адамға тән), "Сезу көңілі" (хайуанда және адамда бар) және "Ақыл көңілі" (тек адамда ғана бар).



Сондықтан, адамзаттың қабілет міндеті дегеніміз адам істеуге тиісті іске кірісу, адамға тән қабілетті пайдалану — ақыл қабілетіне жүгіну деп есептеді. Осындай іс істеген адам бақытты, өйткені ол Ақыл көңілінің мақсаты мен мәніне жетті және соны іске асырды. Адамның Ақыл көңіліне талпыну дәрежесіне орай адамзат баласы төрт дәрежеге бөлінеді. олар:

- ізгі;
- тежемді;
- тидаусыз;
- сұрқия.



Аристотель тағы әділет ұғымына тоқталды. Ол Әділетті екіге бөлді: Толық әділет және Бөлік әділет. Толық әділет Аристотель Аристотель армандаған тек идеал қоғамда ғана болатын әділет. Бөлік әділет болса айырым қылмыс пен әділетсіз істерді жазалау әділеті. Осы тұсқа келгенде Аристотель адамға "тәрбиеленген тұжырым қабілеті" керектігін, сол арқылы істің әділетті, не әділетсіз екенін анық ажырата алатын болуын дәріптеді. Аристотель дамытылған жақсы әдет пен дағды жақсы адамды, жақсы ұлтты, жақсы мемлекетті, жақсы адамзатты қалыптастырады. Ал, "Алтын арқау" ережесіне жаттығу адамды сау, көңілді, белсенді, бақытты етеді.

# Софистерден өзгешелігі

Сократ, Платон, Аристотельдердің этикасындағы айырмашылық тек түсіндіру мен жетілдіруде ғана жатқаны байқалады. Әсіресе Сократ пен Платон "ізгілікті білген адам ізгі тұрмыс кешіреді, ізгілікті білмеген пасық тұрмыс кешіреді" дегенді дәріптеді. Аристотель болса, (кейінгілердің көбі бұл көзғараспен келісті) көптеген адамдар өз ісінің жаман екенін біледі, бірақ еркі әлсіз болғандықтан ағымға ілесіп, жамандықтан шыға алмай жүре береді деді. Платон өлшемді этиканы: парасатты, батыл, ұқыпты, әділетшіл этиканы тізіп көрсетті және дәріптеді. Ал, Аристотельдің тізіп көрсеткен ізгілік белгілері бұдан әлдеқайда көп, және ауқымды. сондай-ақ оған салсаңыз, Платонның айтып отырған ізгілігі де (тепелендік сақталмаған жағдайда) пасықтықтың бір түрі болуы әбден мүмкін.



Аристотельдің этикалық көзқарасы оның адам жөніндегі ұғымына негізделген. Этикалық идеялар тек қоғамда ғана іске асырылып отырады. Платонның адамды сезімнен тыс Идея әлеміне тәуелді деп санауына қарсы шығып, Аристотель адамға белсенділіктің тән екендігін атап көрсетеді. Стагиралықтың пікірінше, мемлекет азаматы нақты сезімдері басылып, жаншылған жағдайда емес, қайта жер бетіндегі қасиеттіліктер мен “сыртқы игіліктерді” игеруіне сонымен бірге адамгершілік пен ғылымға деген ынта-жігерінің дамуына сай қалыптасады. Аристотель өз ілімінде адамгершілік пен этиканы адамдардың маңызды сипаттымасы деп таниды.